**М.С. НАРИКБАЕВ АТЫНДАҒЫ КАЗГЮУ УНИВЕРСИТЕТІ**
Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қорғалжын шоссесі,8
**УНИВЕРСИТЕТ КАЗГЮУ ИМЕНИ М.С. НАРИКБАЕВА**
Республика Казахстан, 010000, город Нур-Султан, район Есиль, шоссе Қорғалжын, 8
**M. NARIKBAYEV KAZGUU UNIVERSITY**
8, Korgalzhyn highway, Nur-Sultan, Yessil district, 010000, Republic of Kazakhstan

ЖОҒАРЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ МЕКТЕБІ

ВЫСШАЯ ГУМАНИТАРНАЯ ШКОЛА

№ 22-003
21.01.2022

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум**
**«Қазақстанның тарихи урбанистикасы:**
**теория мен тәжірибедегі өзекті мәселелер»**
21-22 сәуір 2022 ж.
Нұр-Сұлтан қ.

Құрметті әріптестер!

М.С. Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті Сізді **«Қазақстанның тарихи урбанистикасы: теория мен тәжірибедегі өзекті мәселелері»** атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік форумға қатысуға шақырады.

Қазақстанның заманауи тарихи урбанистикасы қала феноменін Ұлы дала тарихындағы іргелі мәселе ретінде көтереді. Қазақстандық тарихи урбанистиканың тақырыптық спектріне, көшпелілердің модерндік қалалық мәдениетін талдау, даланы империялық отарлау тарихындағы қалалардың ориенталистік ролін қайта қарау, кеңестік модерн реконструкциясы және қазақстандық урбанизация тәжірибесіндегі астаналық феноменін зерделеу кіреді. Сонымен қатар, Қазақстанның урбан-тарихы өлкетану дәстүрлерінің бұғауында қалып келеді, ал оның дамуы жаңа тұжырымдамалық тәсілдер мен сараптамалар талабын алға тартуда.

Қаланы қоғамдық маңызы бар құрылымдарды шоғырландыратын тұтас организм ретінде түсіну, қалалық ортаны қалыптастырудың негіздері мен себеп-салдарлық байланыстарын, генезисін зерттемей мүмкін емес. Форум ұйымдастырушылары ортаны бейімдеу тәсілі қазақстандық тарих ғылымында қалалық зерттеулердің дамуына ықпалдасты болады, әрі ілгерілеп келе жатқан қолайлы қалалық орта урбанистік қозғалысын түсінуге академиялық қауымдастықтың ерекше назарын аудару қажет деп санайды.

Ғылыми-тәжірибелік форум қалалық ортаны дамытудың өзекті мәселелерін және Қазақстанның урбан-зерттеулері перспективалық бағыттарын талқылауға үндейді. Ұйымдастырушылар Қазақстанның урбанизациясын және қала кеңістігін зерттеу нысанына айналдырған әртүрлі ғылым салаларының ғалымдарын, археологтарды, тархшыларды, антропологтарды, урбанистерді, әлеуметтанушыларды, мәдениеттанушыларды, географтарды форумға қатысуға шақырады.

Талқылау үшін келесі мәселелер ұсынылады:
– Тарихи урбанистика: тарихнама және теория мәселелері
– Қазақстандық урбанизацияның археологиялық реконструкциясы
– Қазақстан мен Орталық Азиядағы урбандалу және көшпенділер мәдениеті
– Ресей империясы тұсындағы отарлы қалалар: ориентализм және фронтирлік модернизация
– Кеңестік Қазақстандағы социалистік қала
– Қала және қалалықтар бірегейлігі
– Қазақстан қалаларының мәдени ортасы
– Қазақстандық урбандалудың заманауи мәселелері

– Қазақстан астанасының феномені

Форум қорытындысы бойынша **ғылыми еңбектер жинағы** мен «XIX – XX ғғ. шеңберіндегі Қазақстандағы урбанизация және қалалық орта» **монографиясын** шығару көзделеді.

Форумға қатысу үшін **көлемі 5 беттен 20 бетке дейінгі** мақалалар қабылданады.

Ұйымдастыру комитеті форум тақырыбына немесе қойылған талаптарға сәйкес келмеген материалдарды қабылдамау құқығына ие.

**Өтінім формасы (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі):**

1. Фамилиясы, аты-жөні
2. Мақала атауы
3. Форумның қай бағытына сәйкес келетіні
4. Жұмыс орны
5. Лауазымы
6. Ғылыми атағы
7. Ғылыми дәрежесі
8. Байланыс мәліметтері – индекс, адрес, телефон, электронды пошта

Материалдар мына электронды поштаға жіберіледі: **urbanhistorykz@mail.ru**

**Форумға қатысу үшін өтінімдер мен мақала мәтіндерін қабылдаудың соңғы мерзімі – 2022 жылдың 20 наурызына дейін.**

Форумның жұмыс тілі: қазақ, орыс, ағылшын

**Мақала элементтеріне қойылатын талаптар:**

Мақала атауы, автор туралы мәліметтер (*автордың инициалы мен фамилиясы, жұмыс орны, мемлекеті мен қаласы*), аннотация (*көлемі 1000-нан 1500 таңбаға дейін*) және түйін сөздер (*5-тен 10 сөзге дейін*) мақала жазылған негізгі мәтін (қазақ, орыс немесе ағылшын) тілінде ресімделеді.

Мақаланы қазақ немесе орыс тілінде жолдаған Авторларға, мақала атауын, автор туралы мәлімет, аннотация және түйін сөздерді ағылшын тілінде қосымша тіркеп жіберу қажет. Мақаланы ағылшын тілінде жолдаған Авторларға, қазақ немесе орыс тілінде қосымша тіркеу қажет.

**Мазмұны бойынша мақала мәтінінде болуы тиіс:**

- тарихнамалық шолуды, жұмыстың өзектілігі мен мақсатын қамтыған кіріспе бөлім (алғы сөз);
- әдістер пен материалдардың сипаттамасы;
- талқылау және нәтижелер;
- қорытынды.

**Мақаланы ресімдеу талаптары:**

Microsoft Word форматында; doc немесе rtf файлында; Times New Roman әрпімен, 12 кегльде, 1 интервал арқылы теріледі; өріс – 2 см әр шетінен; абзац – 1,25 см; бағдар – кітаптық нұсқада; иллюстрациялар – 5-тен аспауы тиіс, JPEG форматында 300 dpi сапалық көрсеткішінде, иллюстрациялар атауы мен мәтінге сілтеме беру міндетті түрде – (сурет. 1); мәтін сілтемелерін тікжақшаға алу, кітап үшін – [1, б. 1], архив материалдары үшін [1, Қ. 1. Т. 1. Іс. 1. П. 1], **әдебиеттер тізімінде тек архив атауы көрсетіледі** (қор, тізімдеме, іс және парақтар тікжақшалы сілтемемен тек мақала мәтінінде беріледі), **дереккөздер мен әдебиеттер тізімі мәтінде баяндалу ретіне қарай ресімделеді.** Әдебиеттер тізімі кем дегенде 10 (он) дереккөзді қамтуы тиіс.

**«Қазақстанның тарихи урбанистикасы: теория мен тәжірибедегі өзекті мәселелер» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум онлайн форматта Zoom платформасында өтеді. Конференция идентификаторы және кіру коды өтінімде көрсетілген электрондық пошта арқылы жіберіледі.*